

1. 7 тақырып: Түркі халықтарын қуғындаудың тарихы.

2. **Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Кеңес Одағында жүргізілген күштеп қоныс аударту саясаты мен депортациялау процесіне ғылыми талдау жасау. Депортация ұғымының мәні және Кеңес өкіметінің көші-қон саясатымен халықтар депортациясы, Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар, соғыс жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясын зерттеу.

3. **Лекция мазмұны.** Депортация (лат. *deportatio* - шығару) - мемлекеттен тұлғаны мәжбүрлеп шығару. Депортация жиі басқа бір мемлекетке шығып кеткен шетел азаматтарына немесе азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылады. Депортация латынша *deportatio* - «қуғындау», «көшіру» деген мағынаны білдіреді. Халықтар депортациясын белгілі бір ұлт өкілдерінің белгілі бір іс-әрекеттеріне байланысты елден қуылуы деп түсіну қажет. Ал шетел тіліне енген сөздер сөздігінде «депортация» - қылмыстық және әкімшілік жаза ретінде мемлекеттен қуылу, көшіру, жер аудару деп көрсетілген. Термин 18-19 ғасырларда Франция қылмыстық заңнамасында жер аударудың ерекше түрін атауда қолданылған. Алғаш рет Гвианада саяси сенімсіз адамдарға қолданылып, 1791 жылы күдіктілерге арналған заңға тіркелді.

Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйедегі жаппай қуғын-сүргін саясаты бойынша негізсіз жазалау шаралары тек жекелеген адамдарға ғана емес, сондай-ақ, ұжымдық жауапкершілік ұстанымы бойынша жекелеген халықтарға да қарсы қолданылды. Тоталитарлық жүйе жеке халықтарды саяси қуғындаудың депортациялау, яғни күштеп жер аудару әдәсін қолданды. Жер аударылған халықтар репрессия зардаптарының барлық түрін бастан кешірді. Жекелеген халықтарға мемлекет тарапынан әртүрлі қысымдар қолданылды: күштеп қоныс аудару, арнайы қоныстарға орналастыру, күштеп жұмыс істету арқылы құқықтарын шектеу, ұлттық ерекшеліктері жағынан мемлекетке өте қауіпті, сенімсіз халықтар деп тану.

1920-1950 жылдары тұрғындарды күштеп көшіру - сталиндік қуғын-сүргіннің негізгі құрамдас бір бөлігіне айналды. Жалпы КСРО-да депортацияға ұшырағандардың саны 1920 жылдан 1949 жылға дейін 3,2 млн адамға жетті. КСРО-да ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды:

- этностың белгілері бойынша депортация («жазаланған халықтар», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халықтар»).
- әлеуметтік-таптық белгілері бойынша депортация (1934 жылға дейінгі кулақтарды жер аудару) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) деп атады.
- саяси мүдде негізіндегі 1934-1944 жылдары көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады. 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды.

Жоғарыда аталған күштеп жүргізілген депортациялардың ішінде мерзімі жағынан большевиктік әлеуметтік-таптық геноцид бірінші болып жүзеге асырылды. Кубань казактары, зиялылар, діни адамдар алғашқы большевиктік тәжірибенің құрбанына айналды. Одан кейін кулақтар мен байларды тап ретінде жою басталды. Оларды үш санатқа бөлді. Солардың ішінен екінші санатқа жататындарды КСРО-ның алыс аудандарына жер аудару көзделді.

Жоспарлы түрде әкімшіліккүшпен алып келіп қоныстандырудың мұндай ауқымы этностардың гендік қорына нұқсан келтірді, миллиондаған шаруалар ұжымдастыру жылдарында аштан қырылды. Жаппай ату жазаларына ұшырады және лагерь қапастарына қамалды.

Тоталитарлық тәртіптің құрсауына алғашқылардың бірі болып қиыршығыстық корейлер ілікті. Олардың кейбір белсенді бөлігін 1935—1936 жылдары күштеп әкімшілік қоныс аудару басталды. Жалпы, жаппай көшіріп-қоныстандыру екі кезеңнен тұрды. Оның алғашқысы 1937 жылдың күзінен 1938 жылдың көктеміне дейін созылды. жылдың қыркүйек айының соңынан бастап алғашқы эшелондармен бірге Қазақстандағы корейлердің тарихы басталды. Жапон «шпионы» деп жала жабылған корейліктерді қазақтар жанашырлықпен қарсы алып, олардың аянышты халдеріне түсіністікпен қарады, құшағын жайып қарсы алып, қиын жағдайда қол ұшын беруден тайынған жоқ.

1938 жылдың көктемінде корейлерді көшірудің екінші кезеңі басталды. Енді олар тұрақты мекендерге орналастырылды. Негізгі бөлігі жойылып кеткен кеңшарлар мен игерілмеген жерлерге орналасқандықтан, тұрғын үй, жұмыспен, еңбек құралдарымен қамту жағы жетіспеді. Жаппай күшпен қоныс аудару корей халқын өзінің тарихи отаны - Кореядан көп жылдарға қатынасын үзіп, білім, тіл, мәдениет саласында орны толмайтын шығынға ұшыратты. 1938 жылы 1 қыркүйекте барлық корей тіліндегі мектептер, Қазақстандағы педагогикалық училище, 1939 жылы Қызылордадағы корей педагогикалық институты жабылды, корей тіліндегі оқулықтар жойылды.

Қазақстанға қоныс ауып, еріксіз келгендерді тізгіндеп ұстау үшін белгілі бір ереже қажет еді. Міне, ол Кеңестік Халық Комиссариатының КСРО Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары В. Молотов пен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің ісін басқарушы Я. Чадаевтың қол қоюымен 1945 жылы 8 қаңтарда қабылданған құжатынан белгілі болды. Бұл құжатта арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайы белгіленді.

Елдің ауыр әлеуметтік тұрмыс жағдайларына қарамастан әртүрлі ұлттар республиканың мәдениетіне, экономикасына елеулі үлестерін қоса білді. Олар ірі өнеркәсіп, пайдалы қазба орындарында, зауыт, фабрика, ірі құрылыс, өндіріс орындарында және ауылшаруашылығында жұмыс істей жүріп, өзінің ұлттық қасиеттерін ұмытпауға тырысты. Қоныс аударылған халықтар әртүрлі әлеуметтік топтарға жатты. Бұлардың арасында зиялы қауым өкілдері, жұмысшы табы да, шаруалар да болды. Дегенмен олар өзінің мамандығы бойынша қызмет етпеді. Олардың білімі, мамандықтары ескерілмеді. Білікті инженер немесе экономист колхоз, совхоздарға малшы, күзетші, тракторшы т.б. қара жұмыстарды істеді. Мәселен, өз жерлерінде мұнай саласында қызмет еткен шешен-ингуштар мен зауыт- фабрикаларында жұмыс істеген поляк, немістер колхоз-совхозды жерлерге қоныс аударылғаннан кейін өз мамандықтары бойынша емес, ең ауыр қара жұмыстарға жегілді.

Жер ауып келгендердің бастапқы кездерде жалақылары да өте төмен болды. Дегенмен жақсы жұмыс істеп, көзге түскендерге, күнделікті еңбек мөлшерлерін орындап жүргендерге жалақы мөлшерін көбейтіп отырған. Оларға еңбекақы тамақ түрінде де берілді. Соғыс басталған жылдары төмен жалақыға қарамастан майдан есебіне, әскери техника жасауға Ақмола облысының неміс ұлт өкілдері

70 миллиондай ақша жинап берген.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. Саяси қуғын-сүргін қуғындаудың тарихын талқылаңыз
2. Түркі халықтарын қуғындаудың тарихын талқылаңыз
3. Кеңес Одағында жүргізілген күштеп қоныс аудару саясаты мен депортациялау процесіне баға беріңіз

2-деңгейдің сұрақтары

1. Қазақстандағы Сталиндік қуғын – сүргіннің басталуы мен сипатын көрсетіңіз
2. Сталинның Қазақстандағы зорлық-зомбылығын қарастырыңыз
3. Қуғынға ұшыраған түркі халықтардың тағдырының мәселесін шешіңіз

3-деңгейдің сұрақтары

1. Сталинның Қазақстандағы зорлық-зомбылығының шешімін табыңыз
2. Тоталитаризмді сыни бағалаңыз
3. Халықтың жаппай қоныс аударуына баға беріңіз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Депортация ұғымының мәні және Кеңес өкіметінің көші-қон саясатымен халықтар депортациясы, Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар, соғыс жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және халықтар депортациясын зерттеу.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. Үшінші кітап. Кітап 3
2. Қазақстан тарихы. бес томдық. Том 3. Алматы. «Атамұра», 2002.
3. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы. 1994.
4. Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы, 1995.
5. Маданов Х. Қазақ халқының арғы бергі тарихы. Алматы. 1995
6. Әбенова Б. Қоныстандыру – орыстандыру тәсілі // Қазақ тарихы. 1999, №2
7. Талдыбаев Ж. Қазақтардың жалпы сандық құрамы. // Қазақ тарихы. 2003, №1.